

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТІРЛІГІ
ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Презентация.

Әл-Фараби, Қожа Ахмет Йассауи, Қадірғали, Баласағұни
трактаттарының ерекшеліктері мен зерттеулері.

Кіріспе.

Түркі халықтар әдебиеті тарихында ислам дәуірі IX-XII Ғасырларда ерекше орын алды.


Қазіргі Орта Азиямен Қазақстан жерін бір кезде мекен еткен түркі халықтарының тарихында қоғамдық дамудың жаңа басқышы болды. Бұл кезде түркі қауымын айдай әлемгк танытқан Әбу Насыр Әл-Фараби, Қожа Ахмет Йассауи, Жүсіп Хас Хажыб Баласағұн, Қадырғали Жалаири, т.б. Ғұламалар тарих сақнасына шықты. Басқаша айтсақ X-XII ғасырлар “Түркі халықтарының қоғамдық мәдени даму тарихында, Қайта өрлеу-ренессанс дәуірі болды”. Орта Азия халықтары мәдениетке мол үлес қосты. Сондай-ақ, енді ғылым, мәдениет, әдебиет саласындағы шығармалар бұрынғыдай араб тілінде емес, жергілікті халықтардың өз тілінде жазыла бастады. Араб тілі мемлекеттік тіл болудан қалды. Ел басқару ісін жергілікті әкімдер өз ықолына алды. Бұл өзгерістердің бірнеше ғасырлар бойы дайындалып келе жптқан алғышарттары бар.



Әбу Насыр Әл-Фараби *Әбу Насыр Мұхаммад ибн Тархан ибн Узлағ әл-Фараби* (870, Отырар қаласы – 950, Сирия, Шам) – ұлы ғалым, ойшыл философ, математик, музыка теоретигі. Әскербасының отбасында дүниеге келген. “Әлемнің екінші ұстазы” атанған ғұлама. Оның заманы “Жібек жолы” бойындағы қалалардың, оның ішінде Отырардың экономикасы мен мәдениетінің дамыған кезіне дәл келеді. Ол Орта Азия, Парсы, Ирак, Араб елдері қалаларына жиһанкездік сапарлар жасап, тез есейді. Ол жерлерде көптеген ғұламалармен, ойшыл-ақындармен қайраткерлермен танысып сұхбаттасты. Тарихи деректер бойынша 70-ке жуық тіл білген. Өздігінен көп оқып, көп ізденген. Ұлы ғалым, ойшыл философ, математик, жаратылыстану, медицина, география салаларына байланысты 150 жуық трактат жазып қалдырған.

Отырар медресесінде, Шаш, Самарқан, Бұқара, кейін Харран, Мысыр, Халеб, Бағдат шаһарларында білім алған.

Ақыл-парасат – адамның ойлауына, пайымдауына, ғылым мен өнердің қыр-сырын ұғуына, жақсы қылық пен жаман қылықтың ара жігін ашуына көмектесетін күш.



“Дертсіз адам адам емес, мұны
аңла,
Ашқсыз инсан хайуан жынысы,
бұны тыңда”.

Қожа Ахмет Ясауи (1093, кейбір деректерде 1103, 1041, Сайрам (Исфиджаб) —1166ж. Түркістан (Ясы)) — түркі халықтарының, соның ішінде қазақ халқының, байырғы мәдениетінің тарихында айрықша орыны бар ұлы ақын, пәлсапашы. Қожа Ахмет Ясауидің арғы тегі қожалар әулеті. Әкесі – Исфиджабта даңққа бөленген әулие, Әзірет Әлінің ұрпағы Шейх Ибраһим. Анасы – Мұса шейхтың қызы Айша (Қарашаш ана). Кейбір деректерде Қожа Ахмет Ясауидың Ибраһим атты ұлы мен Гауһар Хошназ (Жауһар Шахназ) атты қызының болғандығы айтылады. Қожа Ахмет Ясауидың ұрпағы негізінен осы қызынан тарайды. Қожа Ахмет Ясауи ұстаздарының көшбасшысы –Арыстан баб. ожа Ахмет Ясауидың алғашқы шәкірті – Арыстан бабтың ұлы Мансұр Ата, екінші шәкірті – Сайид Ата Хорезми, үшінші шәкірті – Сүлеймен Бақырған. Ясауи хикметтерінің мәні, философиясының өзегі – адам. Адам “кемелдікке” жетуі үшін қажетті білімді игеруі керек. Бұл білімнің қайнары – хикмет.



Оның бүгінгі ұрпаққа жеткен көлемді шығармасы — «Диуани хикмет/ Диуани Хикмат» (Хикмат - жинақ). Бұл шығарма алғаш рет 1878 ж. жеке кітап болып басылып шығады. Төрт тармақты өлеңмен жазылған бұл шығармасында ақын өзінің бала күнінен пайғамбар жасына келгенге дейін өмір жолын баяндайды, тіршілікте тартқан азабын, көрген қайғысын айтады, бұхара халыққа үстемдік жүргізуші хандардың, бектердің, қазылардың жіберген кемшіліктерін, жасаған қиянаттарын сынайды, бұл фәнидің жалғандығын білдіреді. «Диуани Хикметтен» түркі халықтарына, соның ішінде қазақ халқына, ертедегі мәдениетіне, әдебиетіне, тарихына, этнографиясына, экономикасына қатысты бағалы деректер табуға болады.



Ахмет Ясауи кесенесі — Түркістан қаласында XIV ғасырдың соңында тұрғызылған архитектуралық ғимарат. Қожа Ахмет Ясауи дүние салғаннан кейін халықтың көп жиылуымен өзіне арнап соғылған кішкене мазарға жерленеді. Кейін бұл кесене мұсылмандардың жаппай тәуеп ету орнына айналды.

Түркістан қаласындағы Ахмет Ясауи ғимараты — орта ғасырлық сәулет өнерінің көрнекті ескерткіші. Ол XII ғасырда өмір сүрген бүкіл Шығысқа аты әйгілі көне түркі ақыны, софизмді уағыздаушы Ахмет Ясауидің (Яссыдан шыққан деген мағынада) бейітінің басына орнатылған.



"Егер ол мейірімділер күшті, ал қатыгездер әлсіз болса, біз ауыр ойлардан тұнжырамас едік. Егер әлемде әділдік заң болса, тағдырымыздың қатыгездігіне наразы болмас едік".

Жүсіп Баласағұни, Жүсіп Хас Хажиб Баласағұни (1020) ақын, ойшыл, ғалым, мемлекет қайраткері.

Өмірі туралы мәліметтер аз сақталған. философия, математика, медицина, астрономия, астрология, өнертану, әдебиеттану, тіл білімі, тағы басқа ғылым салаларының дамуына зор үлес қосқан. Жүсіп Баласағұнидің есімі әлемдік әдебиет пен мәдениет тарихында "Құтадғу білік" ("Құтты білік") дастаны арқылы қалды. Жүсіп Баласағұни бұл дастанын хижра есебімен 462 жылы, қазіргі жыл санау бойынша 1070 жылда жазып бітірген

Дастанды "хандардың ханы" - Қарахандар әулеті мемлекетінің (942 - 1210) негізін салушы Сүлеймен Арслан ханға (908 - 955) тарту етеді. Сол үшін хан өз жарлығымен Жүсіп Баласағұниға "хас хажиб" - "бас уәзір" немесе "ұлы кеңесші" деген лауазым берген.

"Құтты білік" дастанын Қарахан әулетінен шыққан Табғаш Қара Боғраханға арнады. Бұл үшін ақынға Хас Хаджиб (сарай министрі) атағы берілді.



“Кім көпті біліп, көңіліне
түйсе дәулеті артар, игілік
оған жар болар, бейнеттен
кетіп, зейнетке жетер».

Қайырғали Жалаири (Қадыр Әлі Қосымұлы би, арғы тегі Жалайыр) деп аталған бұл кісі XVI-ғасырдың ортасы мен XVII-ғасырдың басында өмір сүріп (1530-1605 жылдары), қазақ халқының тарихында өшпес із қалдырған. Ресейдің атақты патшасы Борис Годуновтың қол астында жүріп, 1602 жылы "Жылнамалар жинағын" жазып бітірген.

Туған жері Қазақстан жеріндегі Сырдария бойы. Қадырғалидың ата-бабалары Қарахан әулеті билігінен бері үздіксіз хан сарайында қызмет етіп, ханның ақылшы-кеңесшісі, қол бастар батырлары болған. Оның өз атасы Темшік Шығай ханның батыры болса, әкесі Қосым бек лауазымын иеленген.

«Жылнамалар жинағы» - орта ғасырдағы қазақ тілінде жазылған тұңғыш тарихи шығармалардың бірі. Мұнда қазақ хандығының X ғасырдың басынан бергі ішкі-сыртқы жағдайлары, қазақ тайпаларының халық болып қалыптасуы, оның халықаралық жағдайлары, хандардың және олардың төңірегіндегі түрлі әлеуметтік топтардың саяси ахуалдары жөнінде аса құнды мәліметтер берілген.

Қорытынды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі.